

МАРКЕТИНГТІК АКЦИЯНЫ ӨТКІЗУ ЕРЕЖЕСІ

«Altyn Bank» АҚ (China CITIC Bank Corporation Ltd. ЕБ) клиенттері үшін ұтыс ойыны

I. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

- 1.1. Осы Ережемен 01.03.2025-31.08.2025 ж. аралығында Altyn-i сервисінде кредит ресімдеген клиенттер арасында 30 сертификат ұтыс ойынына (бұдан әрі – «Ұтыс ойыны») «Altyn BOOOM!» маркетингтік акция өткізудің тәртібі мен шарттары айқындалады.
- 1.2. Ұтыс ойынының жеңімпаздары осы Ережелерде баяндалған өлшемшарттарға сәйкес айқындалатын болады.

Маркетингтік акцияның қатысушысы – осы Ережелердің VII тарауында көрсетілген маркетингтік акция шарттарын орындаған жеке тұлға, Қазақстан Республикасының резиденті және Қазақстан Республикасының азаматы;

Жүлде - номиналы 30 (отыз) дана техниканы сатып алуға арналған сертификаттар:

1. 500 000 теңге (бес жүз мың теңге) – 6 дана.
2. 300 000 теңге (үш жүз мың теңге) – 3 дана.
3. 200 000 теңге (екі жүз мың теңге) – 3 дана.
4. 100 000 теңге (жүз мың теңге) – 18 дана.

на общую сумму 6 300 000 (шесть миллионов триста тысяч) тенге.

Жеңімпаз - Осы Ережелердің тәртібімен және шарттарына сәйкес жеңімпаз деп танылған маркетингтік акцияға қатысушы;

Кепілсіз және кепілді қарыз - Қамтамасыз етусіз кредит (қарыз), қамтамасыз етумен кепілзаттық қарыз-қайтарымдылық, мерзімділік, ақылылық шарттарында пайдаланғаны үшін сыйақы төлеу шартымен Банк Клиентке беретін ақша сомасы.

2. МАРКЕТИНГТІК АКЦИЯНЫҢ ӨТКІЗІЛУ КЕЗЕҢІ

2.1. Маркетингтік акцияны өткізу кезеңі - 01.06.2025-31.08.2025 ж. (қоса алғанда) кезеңінде, ұтыс ойынына есепті кезеңдегі жеңімпаздарды қоспағанда, 01.03.2025-31.08.2025 ж. аралығында Altyn-I сервисінде кредиттер ресімдеген клиенттер енгізіледі.

2.2. Маркетингтік акцияны өткізу орны: Қазақстан Республикасының аумағында.

Ұтыстың №	Қарызды алу кезеңі	Ұтыс ойыны Жеңімпазын анықтау күні
1	01.03.2025 бастап - 30.06.2025 дейін	15.07.2025 жылға дейін
2	01.03.2025 бастап - 31.07.2025 дейін	15.08.2025 жылға дейін
3	01.03.2025 бастап - 31.08.2025 дейін	15.09.2025 жылға дейін

2.3. Банк кез келген уақытта жүлде қорын, маркетингтік акцияны өткізу мерзімдерін, шарттарын толықтыруға және/немесе өзгертуге, сондай-ақ өз қалауы бойынша маркетингтік акцияға қатысушыларды ҚР қолданыстағы заңнамасында тыйым салынбаған тәсілмен хабардар ете отырып, маркетингтік акцияны өткізуді

тұтастай немесе бір бөлігінде тоқтатуға, тоқтата тұруға, күшін жоюға құқылы. Елеулі өзгерістер туралы ақпарат тиісті өзгерістер енгізілген күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде www.altynbank.kz веб-сайтында орналастырылады.

V. МАРКЕТИНГТІК АКЦИЯҒА ҚАТЫСУ ШАРТТАРЫ

6.1. Ұтыс ойынына қатысу үшін Банк клиенті маркетингтік акция кезінде Altyn Bank-те несие рәсімдеуі керек.

6.2. Акцияға келесі клиенттер қатысады: жеке тұлғалар (Қазақстан Республикасының резиденттері мен азаматтары).

6.3. Акцияға: Банктің қызметкерлері және Банктің үлестес жеке тұлғалары, сондай-ақ Акцияға қатысу кезінде 18 жасқа толмаған тұлғалар қатыспайды.

Қатысу үшін келесілер қажет:

- Altyn-і сервисінде тіркелген клиент болу;
- Altyn-і сервисінде кепілсіз немесе кепілді қарыз рәсімдеу.

6.4. Ұтыс ойынының жеңімпазы акция бойынша келесі ұтыс ойындарына қатысудан шығарылады.

6.5. Ерекше шарттар: қорытындылау сәтіндегі барлық қарыздар белсенді, өтелмеген, кешіктірілмеген және қайта құрылымдалмаған болуы тиіс.

VI. МАРКЕТИНГТІК АКЦИЯНЫҢ ЖҮЛДЕ ҚОРЫ.

7.1. Жүлде қорын Банк қамтамасыз етеді, маркетингтік акция шеңберінде жүлделер ретінде мынадай жүлделер табыс етіледі:

№	Жүлделер	Номинал (теңге)	Көлемі (дана)	Жалпы сомасы (теңге)
1	Техниканы сатып алуға сертификат	500 000	6	3 000 000
2	Техниканы сатып алуға сертификат	300 000	3	900 000
3	Техниканы сатып алуға сертификат	200 000	3	600 000
4	Техниканы сатып алуға сертификат	100 000	18	1 800 000
	БАРЛЫҒЫ:		30	6 300 000

7.2. Жүлде айырбастауға және қайтаруға жатпайды.

7.3. Жүлдені беруді материалдық баламамен немесе басқа игілікпен ауыстыруға жол берілмейді.

7.4. Жүлдені алу құқығын жеңімпаз басқа тұлғаға бере алмайды.

7.5. Жүлделер саны шектеулі.

7.6. Банк жүлде қорының жалпы санын ұлғайту немесе азайту немесе маркетингтік акцияға осы Ережелерде көзделмеген қосымша жүлделерді қосу құқығын өзіне қалдырады. Егер мұндай өзгерістер орын алса, Банк олар туралы осы Ережелердің VII тарауында көзделген тәртіппен хабарлайды.

7.7. Жеңімпаз алған жүлделер үшін туындайтын барлық салықтарды Банк төлейді.

VII. МАРКЕТИНГТІК АКЦИЯҒА ҚАТЫСУШЫЛАРДЫ ОНЫ ӨТКІЗУ МЕРЗІМДЕРІ МЕН ШАРТТАРЫ ТУРАЛЫ ХАБАРДАР ЕТУ ТӘСІЛДЕРІ МЕН ТӘРТІБІ

8.1. Маркетингтік акцияға Қатысушыларды ұтыс ойынының тәртібі мен шарттары туралы хабардар ету маркетингтік акция туралы ақпаратты Push - SMS хабарлама және Банктің әлеуметтік желілеріндегі жарияланымдар арқылы www.altynbank.kz веб-сайтына орналастыру арқылы жүзеге асырылады.

8.2. Банк осы Ережеге өзгерістер енгізу құқығын өзіне қалдырады. Акцияны өткізу кезеңі жалғасқан жағдайда немесе Ережелердегі басқа да өзгерістер кезінде Банк мұндай өзгерістерді тиісті өзгерістер енгізілген күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде Банктің www.altynbank.kz веб-сайтында жариялайды.

VIII. ЖЕҢІМПАЗДАРДЫ АНЫҚТАУ ТӘРТІБІ

9.1. Жеңімпазды анықтау кездейсоқ сандар генераторының www.randomus.ru веб-сайтында кездейсоқ іріктеу арқылы жүзеге асырылады: ұтыс ойыны тікелей эфирде, Банктің ресми парақшасында, Instagram әлеуметтік желісінде, банк қызметкерлерінің қатарынан комиссияның қатысуымен және кейіннен ұтыс ойынын өткізу хаттамасына қол қою арқылы өткізіледі, №2 қосымша.

9.2. Ұтыс қорытындысы бойынша негізгі жеңімпаздан басқа, егер Банк ұтыс ойынының негізгі жеңімпазы айқындалған күннен кейінгі бір жұмыс күні ішінде (жеңімпаздың телефон нөмірін теру үш рет жүргізіледі) негізгі жеңімпазға жете алмаған жағдайда, 2 (екі) резервтік жеңімпаз айқындалады. Банктің жеңімпазбен телефон арқылы байланыса алмағаны фактісін растау комиссия мүшелерінің қатысуымен Жеңімпаздарға қоңырау шалуды жүзеге асыру сәтінде Банктің жауапты қызметкерлері жүргізген бейнежазба болады.

IX. ЖҮЛДЕЛЕРДІ БЕРУ ТӘРТІБІ

10.1. Жеңімпаз анықталған күннен бастап бір жұмыс күні ішінде (осы Ережелердің 9.1-тармағы) Банк (банктің жауапты қызметкері) Жеңімпазға оның жүлдені алу құқығы және тиісті Жүлдені тапсыру орны туралы хабарлайды. Жүлдені алған кезде Жеңімпаз жеке басын куәландыратын құжатты ұсынуы және банктік құпияны және клиенттің дербес деректері туралы ақпаратты ашуға келісім-өтінішке, сондай-ақ осы Ережелердің №1 және №3 қосымшаларға сәйкес тапсыру актісіне қол қоюы тиіс.

10.2. Егер Банк (банктің жауапты қызметкері) осы Ережелердің 9.2-тармағында көрсетілген себептер бойынша негізгі Жеңімпазбен мерзімінде байланыса алмаса, Банк (банктің жауапты қызметкері) Ережелердің 9.2-тармағына сәйкес айқындалған Жеңімпаздар тізіміне сәйкес 1 (бір) жұмыс күні ішінде резервтік Жеңімпазбен байланысады және Жүлдені алу құқығы резервтік Жеңімпазға өтеді.

10.3. Банк банкке тәуелді емес кез келген себептер бойынша Жеңімпаздың жүлдені алу мүмкін еместігі үшін жауап бермейді, оның ішінде егер маркетингтік акция Жеңімпазының жеке сәйкестендіру нөмірі, байланыс мекенжайы, аты және /немесе тегі, телефон нөмірі немесе басқа да деректемелері мен байланыс деректері дұрыс көрсетілмеген және/немесе клиенттің карточкасында өзгертілген жағдайда. Бұл ретте мұндай Жеңімпаздардың банктен қандай да бір өтемақы алуға құқығы жоқ.

10.4. Жеңімпаздың банктік құпияны және клиенттің дербес деректерінің меншігі туралы ақпаратты ашуға келісім-өтінішке қол қоюдан, осы Ережелердің 10.6-тармағына сәйкес Жүлдені Жеңімпазға/жүлде алушыға беруді растайтын құжатқа қол қоюдан бас тартуын, Жеңімпаздың өзінің жеке басын куәландыратын құжатты ұсынбауын Банк Жеңімпаз үшін жауап бермейтін Жүлдеден бас тарту ретінде қарайтын болады.

10.5. Жүлдеге құқық оны алған сәтте Жеңімпазға өтеді. Осы сәттен бастап Банк Жүлдені жоғалтуға, оны иеленуге және билік етуге байланысты тәуекел үшін жауап бермейді.

10.6. Жүлдені Жеңімпазға/жүлде алушыға беру банктің жауапты қызметкерінің және Жүлде Жеңімпазы/алушының тиісті құжаттарға қол қоюымен расталады.

X. БАСҚА ШАРТТАР

11.1. Егер қандай да бір себептермен осы маркетингтік акцияның кез келген аспектісі жоспарланғандай жүргізілмесе, оның ішінде компьютерлік вирустармен инфекциядан, интернет желісінің жұмысындағы ақаулардан, манипуляциялардан, рұқсатсыз араласудан, бұрмаланудан, техникалық ақаулардан және орындауды бұрмалайтын немесе оған қатысты Банк бақыламайтын кез келген басқа

себептерден туындаған себептер, қауіпсіздікті, адалдықты, тұтастықты немесе маркетингтік акцияны тиісті түрде өткізуді, жоюды, тоқтатуды, маркетингтік акцияны өткізуді өзгерту немесе тоқтата тұруды Банк өз қалауы бойынша таңдай алады.

11.2. Сыйлықтар маркетингтік акция Жеңімпаздарына тек осы Ережелерге сәйкес беріледі. Маркетингтік акцияны өткізуге және Жүлдені алуға байланысты даулы мәселелер туындаған жағдайда Банктің шешімі түпкілікті болып табылады.

**Маркетинг акциясын
өткізу ережелерінің №1 Қосымшасы
«Altyn Bank» АҚ (China CITIC Bank Corporation Ltd ЕБ)**

Келісім-өтініш

Осымен банкке мен туралы мәліметтерді, оның ішінде банк құпиясын, дербес деректерді, атап айтқанда маркетингтік акция шеңберінде ұтып алған болсам, жүлде иегерлерін анықтау қорытындысы бойынша менің фамилиямды, атымды, әкемнің атын, жүлдені көрсетіп, www.altynbank.kz веб-сайтында жариялау арқылы заңмен қорғалатын өзге де құпияны құрайтын ақпаратты ашуға өзімнің сөзсіз және қайтарып алынбайтын жазбаша келісімімді беремін.

Сондай-ақ, менің атым, тегім, әкемнің аты, бейне және фотоматериалдар Банктің өз қалауы бойынша кез келген тәсілмен жұртшылыққа қолжетімді болатынына және Банк маған қандай да бір өтемақы төлемей және одан әрі хабарламай-ақ аудио, фото және бейнематериалдарда пайдалана алатынына өз келісімімді беремін.

Күні Т.А.Ә. (толық) қолы

**Маркетинг акциясын
өткізу ережелерінің №1 Қосымшасы
«Altyn Bank» АҚ (China CITIC Bank Corporation Ltd ЕБ)**

Келісім-өтініш

Осы арқылы мен маркетинг акциясы аясында жеңіп алған жағдайда, жүлделер ұтысы қорытындысы бойынша арнайы қону парақшасында жүлдені көрсете отырып, тегімді, атымды, әкемнің атын жариялау жолымен мен туралы мәліметтерді, соның ішінде банктік құпияны, жеке мәліметтерді және заңмен қорғалатын өзге құпияны құрайтын ақпаратты ашуға өзімнің сөзсіз және кері қайтып алынбайтын жазбаша келісімімді беремін.

Сондай-ақ, Банктің өз қалауы бойынша кез келген тәсілмен менің атым, тегім, әкемнің аты, бейне және фотоматериалдар жұртшылыққа қол жетімді болатындығына және маған қандай да бір өтемақыны төлеусіз және әрі қарай хабардар етусіз, Банк тарапынан аудио-, фото- және бейнематериалдар қолданылуы мүмкін екендігіне өз келісімімді беремін.

Күні Т.А.Ә.(толық) қолы

БЕРУ АКТІСІ

Мен (ТАӘ) _____

Ұялы тел. _____

Мен «Altyn Bank» АҚ (China Citic Bank Corporation Ltd ЕБ) _____
өткізілген маркетингтік акциясы конкурсының (ұтыс ойынының) Жеңімпазы екенімді және
келесі сыйлықты алғанымды растаймын – _____

Маркетингтік акцияға қатысу фактісі Жеңімпаз оның фотосуреттері мен өзге де деректерін «Altyn Bank» АҚ компаниялары (China Citic Bank Corporation Ltd ЕБ), олардың аффилирленген тұлғалары және/немесе олардың жарнама агенттіктері жарнамалық мақсатта Жеңімпазға қандай да бір сыйақы төлемей пайдалануы мүмкін екендігімен келісетінін білдіреді. Жүлде болып табылатын өнімге кепілдік міндеттемелері қолданылмайды. Тауар айырбастауға және қайтаруға жатпайды. Жеңімпаз «Altyn Bank» АҚ (China Citic Bank Corporation Ltd ЕБ) өзінің дербес деректерін жинауға, өңдеуге, сақтауға және таратуға өз келісімін береді. (Келіскен жағдайд «V» белгісін қойыңыз).

Күні « ____ » _____ 2025 ж.

Қолы _____